

Ж.М.Кенжеғали¹, С.Б.Кожирова¹, Г.Глисон²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана;

²Джордж К. Маршалл атындағы қауіпсіздік мәселелерін зерттеу бойынша Еуропалық Орталық, Германия
(E-mail: zharas_k@mail.ru)

Орталық Азия аймақтағы суды бірлесе пайдалану: ынтымақтастықтың мәселелері мен болашағы

Мақалада Орталық Азия аймақтағы суды бірлесе пайдаланудың тарихы, эволюциясы және мәселелері қарастырылған. Қазіргі кездегі суға қатысты мемлекеттердің келісімдері сарапталған. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатының құжаттары пайдаланылған. Авторлардың пікірінше, ұлттық қызығушылық негізінде құрылған су ресурстарын пайдалану мәселесіндегі әр түрлі амалдар Орталық Азияның әрбір мемлекетінің осал жақтарын көрсетеді. Аймақ жетістігі болып трансшекаралық өзендерді бірлесе басқару мен пайдалану саласындағы ынтымақтастық орнату болып табылады.

Кілт сөздер: Орталық Азия аймағы, географиялық детерминизм, су дипломатиясы, су ресурстарын басқару.

Орталық Азия аймақ бай табиғи ресурстардың болуына орай әлемнің маңызды аймақтары болып қала бермек, оған ықпал етуші факторлардың бірі кең көлемдегі транзиттік әлеует және аймаққа деген алдыңғы қатарлы державалардың геосаяси қызығушылықтарынан туындап отырған жағдайлар әсер етуде. Тәуелсіздік алғаннан кейін Орталық Азия мемлекеттер — Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан көптеген экономикалық, әлеуметтік-саяси мәселелермен қақтығысқан болатын. Осындай мәселелердің бірі суды бірлесе пайдалану немесе су ресурстарын бірлесе басқару болып отыр.

Барлық уақытта Орталық Азия әлемдік үрдістер орталығында болып келді. Осы аймақта Ұлы Жібек жолы көптеген ғасырлар бойы өзара бірқатар елдер мен өркениеттерді байланыстырып тұрды. Ұлы Жібек жолының бойында мәдениеттердің енуі мен толығып отыруы, білімдермен, рухани және философиялық құндылықтармен алмасу жүрді.

Орталық Азия аймағындағы мемлекеттерді біріктіруші факторлардың бірі — алып жатқан территорияларының ортақтығында. Қазіргі таңда олардың территориясының жалпы көлемі 4 млн шаршы шақырымға жуық, халықтың саны шамамен 45 млн адамнан асып отыр, бірақ халық саны, әсіресе Өзбекстан секілді республикаларда тез қарқынмен өсуде.

Қазіргі кезеңде Орталық Азия аймағы болашағы үлкен, сонымен қатар аймақтық қауіпсіздікті алғанда шиеленісті аймақтардың бірі ретінде қарастырылады. Аймақтың трансформациясы оның Еуразия кеңістігінде өзіндік орнын табуына әкелу болжамы бар.

Ендігі кезекте Орталық Азия аймағындағы су-энергетикалық мәселелерге тоқталмас бұрын осы жағдайдың туындау себептеріне назар аударатын болсақ, табиғатқа адамдардың араласып, суды кең көлемде егістік алқаптарға пайдалануы аймақта біздің заманымызға дейінгі VII–VI ғасырларға жатқызылады. Орталық Азияда су өркениеттің орталығы мен мемлекеттің қалыптасуында әр заманда алдыңғы қатарда тұрды. Антик ойшылдары және зерттеушілері — Геродот, Гиппократ, Фукидид, Страбон, Полибий [1] өз еңбектерінде географиялық ортаның адамдарға және олардың тарихына әсері жайлы кең толғады.

Осымен бірге «географиялық детерминизм» түсінігін белгілі француздық ойшылы, философ Ш.Монтескье де кең көлемде қарастырған еді. Ол географиялық факторларға (мемлекеттің территориясының көлемі, мемлекеттің орналасуы және т.б.) ерекше мән берді. Сол себепті оны «географиялық детерминизмнің» негізін қалаушылары қатарына жатқызады.

Сол кездегі географиялық детерминизм (қоғамның дамуы мен жағдайы географиялық орта, немесе сулар, ауа райы, ландшафт, географиялық орналасуы секілді географиялық ортаның жекелеген факторларымен, айқындалады деген тұжырым) түсінігі көптеген философтар мен саясаткерлердің қызығушылығын тудырып, осы ұғымды кеңінен айналымға енгізіп, зерттеуге мүмкіндік берген еді. Қоршаған ортадағы су ресурстарының адамдардың, мемлекеттердің дамуындағы орны айқындалды.

Сөз жоқ, қазіргі уақытта да көптеген зерттеушілер осы мәселеге қатысты алаңдаушылық білдіруде. Табиғат факторындағы су ресурстары мәселесінің шешілмеуі көптеген аймақтық, ішкі, локалдық мәселелердің реттелуіне кедергі болып, Орталық Азия бес мемлекеттің қарым-қатынасындағы тұрақты даулы мәселеге айналуға.

Қазіргі уақытқа дейін оның рөлі бірте-бірте өсе түсті, қоғамда суға деген сұраныс артқан сайын судың тапшылығы айқын көрініс бере бастады. Әсіресе суландыру жүйесі КСРО кезеңінен бастап ХХ ғасырдың 60–90-шы жылдары аралығында қарқынды түрде жүргізіліп, барлық су қорларының сарқылуына, қоршаған ортаның құлдырауына әкелді [2; 8].

Орталық Азия мемлекеттерінің су-энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында кезекті ынтымақтастықтың дамуы мемлекеттер арасындағы аймақтың дамуына айқындаушы фактор ретінде қарастырылды.

Қазіргі жаһандану, техногендік және экологиялық апаттар, ғаламдық жылыну, жанар-жағармай ресурстарының сарқылуы, су қоймаларының ластануы жағдайында үлкен тұщы су көлемі бар мемлекеттерді сулы державалар қатарына енгізеді. Ондай мемлекеттер әлемде он шақты, олардың қатарында Қырғызстан және Тәжікстан бар. Әлемде бесінші орында, Орталық Азияның 50 % көп су қоры жинақталған мемлекеттердің бірі — Қырғызстан. Әлемдегі сегізінші орынды Тәжікстан су қоры алып отыр. Ал бұл дегеніміз — стратегиялық шикізат пен ұлттық байлық. Бірақ өзендер мен су алаптары трансшекаралық территориялар — Орталық Азия мемлекеттері су тамырлары арқылы тығыз байланысқан — оны қоршаулармен қоршап, бөгет қойып тоқтату мүмкін емес, оны барлық мемлекеттер бірдей тұтынғаны дұрыс.

Осылайша суды тұтыну кеңінен жүзеге асырыла отырып, табиғат пен қоршаған ортаға кері ықпалын да тигізе бастады. Алайда, ресейлік зерттеуші Г.Н.Петровтың пайымдауынша, Орталық Азия мемлекеттері ішінде су ағысының жоғарғы ағысында отырған мемлекеттер — Тәжікстан мен Қырғызстандағы гидроэнергетикалық ресурстарды пайдаланудың үлкен мүмкіншіліктері мен оны пайдаланудың өзге де түрлерінің болмауы осы мемлекеттерге кедергі жасап отырғандығын айтады. «Мысалы, халық саны мен территория көлемі жағынан жалпы әлемдік 0,1 % құрайтын Тәжікстан жалпы әлемдік су ресурстарының 4 % құрап отыр, жалпы су ресурстарының қоры бойынша ол сегізінші орында, ал экспорттық потенциалы жағынан әлемде үшінші орында тұр. Сондай-ақ Қырғызстан да үлкен су әлеуетіне ие. Осы аралыққа дейін оның 5 % ғана иегерілгендігін атап өтеді» [2; 8].

Қазақстан Республикасының гидроресурстарының жағдайына келетін болсақ, біз Қазақстан Республикасының Президенті мұрағатынан алған «Справка о рабочей схеме (гипотезе) Генеральной схемы водообеспечения Казахской ССР и о результатах ее технической экспертизы» құжатындағы мәліметтерді қарастыра келе, ХХ ғ. 60–80 жж. Геология мен жер қыртыстарын қорғау бойынша министрлік сол кездегі барлық облыстар бойынша карталар мен очерктер құрастырған бірқатар жұмыстарынан мәліметтер келтіре кетейік.

Ондағы есептеулерді ескерсек: «Расчеты, выполненные в Рабочей схеме, показали, что заданное развитие хозяйства вызывает рост общего годового водопотребления по республике с 15,8 куб. км в 1959 году до 26,4 и 53,5 куб. км в 1965 и 1985 гг. соответственно. При этом водопотребление промышленности и городов с 1958 по 1985 гг. увеличивается в 8 раз, а удельный вес его в общем водопотреблении возрастает с 6–7 % до 15 %, а водопотребление в сельском хозяйстве возрастает в 3 раза» [3].

Осылайша, шаруашылықта суды тұтыну ХХ ғ. 60–80 жж. Қазақстанның барлық облыстарында дерлік өскендігін аңғарамыз. Осындай бағыт сол кездегі Орталық Азия республикаларының барлығында да орын алған деген тұжырым жасауға болады. Дегенмен қазіргі уақытта суды тұтыну және оны бірлесе пайдалану бойынша жоғарыда аталған мемлекеттер бір шешімге келе алмай отыр және осы аймақтың кейбір мемлекеттерінде ауыл шаруашылығы және өзге де салаларда су тапшылығы аңғарылып отыр.

Осыдан кейін 1991 жылдың қыркүйегінде су ресурстары бойынша министрлердің кездесуінде осы мәселеге қатысты ой тоқтатқандығы Орталық Азия мемлекеттерінің көшбасшыларының стратегиялық көрегендігін көрсетті. КСРО ыдырағаннан кейін, бір айдан соң су мәселесіне мән бере карауда күн тәртібіндегі күттірмес оқиға болғандығын аңғаруға болады. Осы орайда Қазақстан Республикасы аймақ мемлекеттері арасында суды су-энергетикалық ресурстарды бірлесе пайдалану, қорғау бойынша бастамашылардың бірі деп айтуға болады. 1992 жылы 18 ақпанда Алматыда Мемлекетаралық үйлестіруші шаруашылық комиссиясы (МҮШК–МКВК) құрылып, Қазақстан,

Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан Республикалары арасында мемлекетаралық су ресурстарын бірлесе басқару, пайдалану және қорғау саласында ынтымақтастық орнату жөніндегі келісімге қол қойылған болатын. 1993 жылы 23 наурызда Қызылордада өткен бес мемлекет басшыларының кездесуі осы келісімді нақтылай отырып, осы салада ынтымақтастық орнатуға болатындығының бір айғағын көрсеткен болатын.

1994 жылы қаңтар айында мемлекет басшылары Арал теңізі алабының бағдарламасын (АТАБ-1-ПБАМ-1) мақұлдаған болатын. Бұл жоба сол кездегі алғашқы Орталық Азия мемлекеттерінің бірлескен және қазіргі уақытта кеңінен жүргізіліп отырған су-энергетикалық ресурстарды бірлесе пайдалану бойынша бағдарламалардың бірі. АТАБ-1 шеңберіндегі ірі аймақтық жобалардың бірі «Су ресурстары мен қоршаған ортаны басқару бойынша жоба» (СРҚОБЖ-ПУВРОС) жүзеге асырылды. Сондай-ақ сол уақытта осы жобамен қатар WARMAP жобасы да кеңінен жүргізілген болатын. АТАБ-1 жобасының дайындалуында Орталық Азия мемлекеттерінің бірқатар мамандары мен БҰҰ Даму бағдарламасы, ЮНЕП, Әлемдік банк, GEF, ЕДҚБ, АДБ, ТАСИС, KfW Германия банкі, ЭРА Кувейт қоры, ЮСАИД және өзге ұйымдар атсалысты [4].

Осылайша, АТАБ-1 бағдарламасы шеңберінде Орталық Азия мемлекеттері арасында алып аймағындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді және аймақта туындап отырған экологиялық қатердің алдын алуға мүмкіндік берді. Аталған екі құжатта МҮШК қызметінің негізін ғана қалап қоймай, басқа да аймақтағы су-энергетикалық ресурстарды бірлесе пайдалану жөніндегі бірқатар аймақтық ұйымдардың құрылуына негіз салды.

Орталық Азия мемлекеттерінде суды пайдалану бойынша тарихи негіздерді ескере отырып, мемлекеттер арасындағы суды бірлесе пайдалану бойынша бірқатар келісімдерге қол жеткізілді.

1992 жылдың ақпан айында Алматы қаласында Орталық Азия мемлекеттері арасында Сырдария өзенінің су қатынастары мәселелерін реттеу, трансшекаралық су ағындарының режим проблемаларын шешу, әсіресе жазғы суармалы мерзім кезінде су ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғауды бірлесіп басқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған болатын.

Қазіргі таңда Қырғызстан Республикасының үлкен гидродонор екенін ескере отырып осы мемлекеттің көптеген зерттеу орталықтары мен институттары аймақтағы жағдайға өз көзқарастарын білдіреді. Қырғызстан Республикасының ҰҒА Су мәселелері мен гидроэнергетика институтының директоры Дуйшон Маматканов: «Қырғызстанның су ресурстары Қазақстан мен Өзбекстанды және тіпті Батыс Қытайдың 70% — Қырғызстан территориясынан едәуір үлкен Шыңжаң-Ұйғыр автономдық аймағының барлық территориясын қамтып отырғандығын және осы аймаққа жыл сайынғы жіберіліп отырған су көлемі 8 млрд куб. м құрап отырғандығын» [5], — атап кетеді. Оның есептеуінше, Қырғызстан Республикасы жылына тек 15% су қорын тұтынады.

Су ресурстарының 32,6 куб. км көлемінен ішкі суды тұтыну үлесіне 11 куб. км, соның ішінде ауыл шаруашылығы мен сумен қамту бойынша 4,95 куб. км, өндірістік қажеттіліктерге — 0,05 куб. км, коммуналдық тұрмыстық қажеттіліктерге — 0,2 куб. км, гидроэнергетикаға — 5,8 куб. км; көрші мемлекеттерге су ресурстары 21,6 куб. км көлемінде жіберіледі, оның Өзбекстандағы үлесі — 11,3 куб. км, Қазақстандағы — 8,34 куб. км және Тәжікстандағы үлесі — 1,96 куб. км [5].

Алайда бұл болжамдар жүзеге асқан жағдайда Қырғызстан Республикасының бюджетіне Орталық Азияның басқа республикаларынан түскен салықтан 9,91 млн долл., немесе 465 млн сом, көлемінде пайда түсуші еді деген болжамдарын жасырмайды. Алайда 1992 жылғы Алматыда жасалынған Орталық Азия бес мемлекеттің келісінде «Аймақтың су ресурстарының ортақтығы мен бірлігін ескере отырып, Тараптар тұтытуда ортақ құқықтарға ие және оларды пайдалану мен қорғауды тиімді жүргізуге жауапты» [6] делінген, яғни Орталық Азия республикалары суды бірлесе пайдалануда тиімді шешімдерге жүгінуі қажет.

1998 жылы 17 наурызда Қазақстан Республикасы үкіметі, Қырғызстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы үкіметі арасында Сырдария өзені алабының су-энергетикалық ресурстарды пайдалану жөніндегі келісімге қол қойған болатын. Осы орайда мемлекеттер бір-бірінің тату көршілік пен ынтымақтастықтың шынайы негіздеріне; өз елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен азаматтарының жақсы тұрмысын қамтамасыз ете отырып, Сырдария өзенінің су энергетикалық ресурстарын пайдаланудың келісілген тәртібін негізге алды.

Сонымен қатар өзен сағасының төрт мемлекеттің территориясын ала отырып олардың экономикалық өсуіне негіз болатындығын [7] атап кетті. Осы келісім негізінде 1998 жылы Орталық Азия мемлекеттер тек қана Сырдария су ресурстарын пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар Арал теңізінің мәселелері қамтылған.

Құжаттың 10-бабында Сырдария өзені алабындағы сумен қамтылу тұрақтылығы мақсатында су-энергетикалық ресурстарды реттеу мен пайдалануды әрі қарай жақсарту, экономикалық қарым-қатынастарды жетілдіру мақсатында Тараптар келесі сұрақтарды бірлесе отырып шешуге келісті:

- аймақта жаңа гидроэнергетикалық объектілер мен су қоймаларын немесе балана көздерді салу;
- қазіргі уақыттағы жүргізіліп отырған айырбас бірлескен есептемелерінен қаржылық қарым-қатынастарға өту;
- ортақ тарифтік саясат негізінде бағаны белгілеу механизмдерін өңдеу;
- Сырдария өзені алабында орналасқан гидротехникалық құрылғылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Сырдария өзені алабындағы су көздеріне ластанған сулардың келуін азайту және тоқтату [7].

Дегенмен, аймақ мемлекеттері аталмыш келісім негізінде мәселені толық шешкен жоқ. Орталық Азия аридтік аймақта орналасқан, ол суармалы жүйесіз ауылшаруашылық мәдениеттерін өсіру мүмкін емес. Бұл өз алдына суды үлкен мөлшерде талап етеді және осы жағдай шиеленістерге әкеліп тіреуде. Әрине, бұл мәселенің бір ғана қыры. Суды бірлесе пайдалануда мемлекеттерге ортақ жүйе құрып, су дипломатиясын жүйелі, оңтайлы жүргізу қажет.

Бұл жөнінде белгілі қазақстандық зерттеуші К.Н.Макашева: «Су ресурстарымен тиімді және тұрақты басқару және содан келіп туындайтын Орталық Азияның бес мемлекетіндегі энергетика мәселесі саяси және экономикалық ынтымақтастықта ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау саласында да өзектілігін жоғалтпайды. Су ресурстарын тиімді үлестіру экономикалық және экологиялық емес, саяси сұрақ болып қалмақ. Бұл сұрақтарда қауіпсіздікке жауап беретін көптеген күн тәртібіндегі мәселелер тұр» [8], — деген тұжырым жасайды.

Сондай-ақ қазіргі туындап отырған қауіп-қатерлерге жауап ретінде, ең алдымен, су мәселесін саяси тұрғыдан бірігіп шешу қажеттігі жөнінде болжамдар келтірілген болатын. Орталық Азия мемлекеттері ішіндегі тараптардың суға қатысты келіспеушілік салдарынан бірқатар мәселелер туындап отыр. Кеңес үкіметі кезеңінде су ресурстарын басқару және пайдалану жоспармен жүргізілсе, тәуелсіздік алғаннан кейін Орталық Азия мемлекеттері өз саясаттарын мемлекеттің жеке-леген қызығушылықтары талаптарына сәйкес жүргізуде. Осы орайда Орталық Азия мемлекеттері арасында суды бірлесе пайдалану бойынша келіспеушіліктер туындап отыр. Қырғызстан мен Өзбекстан Республикалары арасындағы Қамбарата-1 ГЭС-ның, Тәжікстан мен Өзбекстан Республикалары арасындағы Рогун ГЭС-ның құрылысына қатысты даулы жағдайлар осының айқын көрінісі.

Қазақстан Республикасы өз тарапынан су дипломатиясын берік ұстанып отыр, алайда жоғары ағыстағы республикалардың суға қатысты саясатына өз пікірлерін білдіруде. Тіпті, Қамбарата-1 ГЭС құрылысына өзінің қызығушылығын таңытып отыр. Ал Қырғызстан үшін бұл қажет, себебі құрылысы ұзаққа созылған Қамбарата-1-ді қырғызстандық тарап Ресей жағынан созылуына байланысты (Ресей өз үлесінде 75 % сұрап отыр) өзге инвесторларды тарту арқылы жүргізбек ойда. Қазақстандық тараптың ұйымдастыруымен 2012 жылы 5 қазанда Алматы қаласында Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Өзбекстан Республикалары Премьер-министрлерінің орынбасарлары кездесуі өткізіліп, Қамбар ата-1 ГЭС-тың құрылыс жобасын айқындау бойынша сөз қозғалды. Кездесуде аталған мәселе бойынша төрт жақты жұмыс тобын құру ұсынылған болатын. Алайда Өзбекстан жағы бұл кездесулерге қатысудан бастартты. Өзбекстан Республикасы Қамбарата-1 ГЭС-нің құрылысына қарсылығы қазірге дейін тоқтатылмай отыр және өзбекстандық тарап бұл жобаны жүйелі сараптама жасап барып жүзеге асыру қажеттілігін айтты.

2013 жылы Тәжікстан Республикасы мен БҰҰ институттарының бірлесуімен Душанбеде өткен су серіктестігіне қатысты ірі конференция болып өтті. Осы конференция Орталық Азия аймақ республикаларының су мәселесіне қатысты, жаңа гидроэлектростанциялар салу бойынша, жерлерді суарудағы су тапшылығына қатысты өзекті мәселелерді қозғап өтті. Бұл аймақтық су жүйесін біріктірілген түрде бірге пайдаланудың жаңа серпінін туындатты.

2015 жылы 2 маусымда Қырғызстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары Валерий Диль Жоғарғы Кеңестің отын-энергетикалық кешені мен комитеті мен жер қойнауын пайдалану бойынша отырысында Қамбар ата-1 ГЭС-нің құрылысы Өзбекстан тарапынан наразылық туындап отырғандықтан, жүргізілмей отырғандығын атап кетті. Ал Ресей тарапы Өзбекстан мен Қырғызстан аталған мәселені бірлесе шешпейінше, іске кіріспейтіндігін білдірді [9].

Осылайша, Орталық Азия мемлекеттері арасында суды бірлесе пайдалану бойынша туындап отырған даулы жағдайлар салдарынан су-энергетика саласында ғана емес, онымен тығыз байланыстағы экономиканың өзге салаларында көрініс беріп отыр. Су-энергетикалық мәселелерде

келісілген саясат жүргізу салдарынан және кейбір мемлекеттер тарапынан келісім-шарттық міндеттемелерді орындамауларға байланысты суды бірлесе пайдалануда кедергілер: аймақтағы саяси және экологиялық тұрақсыздықтан бастап Орталық Азия мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі жасайтын қатерлерге әкеп соқтырады. Біздің болжамымыз бойынша, аймақ мемлекеттер арасында жасалынған келісімдер қазіргі кездегі халықаралық құқықтық нормалардан тысқары жасалынып, саяси-экономикалық тұрғыдан кең көлемде жүргізілмей отыр.

Осыдан барып Орталық Азияда суға қатысты төмендегідей қауіп-қатерлер туындайды:

- мемлекеттер арасындағы тарихи байланыстың үзілу қауіпі;
- экологиялық тұрақсыздық қатерлері;
- сыртқы сауданың шектелуі;
- көліктік тасымалдаулардан шеттету;
- сыртқы инвестициялардың болмауы;
- халықаралық даулар қауіпі.

Осы жағдайларды шешуге қатысты мәселелермен қазіргі уақытта 1996 жылы құрылған Жаһандық су серіктестігі (ЖСС-ГВП-GWP) үлкен үлес қосуда. Оның негізгі мақсаты — әлемдік деңгейде су ресурстарын бірлесе басқару (СРББ — ИУВР) принциптерін енгізу болып табылады. Оның қызметі әлемнің 11 аймағында су ресурстарын кешенді басқару үлгісін ұсынып отыр. Солардың қатарында Орталық Азия аймағына қатысты мемлекеттік және саяси деңгейде су саясатын, заңдар мен реттеуші құрылымдарды жақсарту, секторлар ішінде және арасында су мәселесіне қатысты барлық мәселелердің ашық түрде өтуін қамтиды.

Серіктестіктің техникалық тақырыптық жарияланымында: «Әлемнің өзге аймақтары секілді Орталық Азия аймағында да халық санының өсуіне байланысты су тапшылығын болдырмау және оны қандай да болмасын тиімді жолмен пайдалану жолдарын іздестіреді. Орталық Азия аймағындағы, әсіресе Ферғана алқабынан алынған тәжірибе, СРИБ су қауіпсіздігін сақтау деңгейін жоғарылатуда негіз салады» [10], — делінген. Яғни жаһандық су серіктестігі өз алдына Ферғана алқабындағы суды бірлесе басқару бойынша бірнеше үлгілер ұсынып, соның нәтижесінде 2008, 2011 жылдары алқапта орналасқан республикалардың суды ресурстарын пайдалануды тиімді жолдар арқылы шешуге мүмкіндіктер жасады.

Осылайша, су мәселесінде Орталық Азия аймақтың барлық мемлекеттері саяси-құқықтық, экономикалық-экологиялық, әлеуметтік тұрғыдан бір ортақ ұстанымға келуі күрделі мәселе екендіген тағы да бір көз жеткіздік. Алайда Орталық Азия аймақтағы суды бірлесе пайдалану бойынша ХХ ғ. 60–90 жж. жүргізілген су саясатын негізге ала отырып, бірлескен су-экономикалық жобалар жасауда белсенді жұмыстар атқарғаны дұрыс болар еді. Қазіргі әлемдік дағдарыстардың жаңа ошақтарының туындауын негізге келтіретін болсақ, су ресурстары Орталық Азия мемлекеттері үшін мұнай секілді қымбат өнім ретінде бағаланып, аймақтағы су қауіпсіздігі мәселелерін, қазіргі күні өзекті болып отырған терроризм қауіпі мәселесімен бірдей көріп, алдын алу қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гейден Г. Критика немецкой геополитики / Ред. Е.Н.Петрунин. — М.: Изд-во ИЛ, 1960. — С. 20.
- 2 Петров Г.Н. Комплекс прикладных методов и моделей для совершенствования использования водно-энергетических ресурсов трансграничных рек Центральной Азии. — 25.00.27. — Гидрология суши, водные ресурсы, гидрохимия: Автореф. дис. ... д-ра техн. наук. — М., 2012. — 48 с.
- 3 Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. — 708-қ. — 34 т. — 265-іс. — 29-п.
- 4 Программа развития бассейна Аральского моря - 1 (ПБАМ-1) Программа конкретных действий по улучшению экологической обстановки в бассейне Аральского моря на ближайшие 3–5 лет с учетом социально-экономического развития региона. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://ec-ifas.org/prag1.php> (дата обращения 30.07.2015)
- 5 Дуйшон Маматканов, директор Института водных проблем и гидроэнергетики НАН КР: Сумма годовых поступлений в бюджет Кыргызстана в случае введения налога на воду может составить \$9 млн. — [ЭР]. Режим доступа: http://kyrtag.kg/interview/duyshon_mamatkanov_direktor_instituta_vodnykh_problem_i_gidroenergetiki_nan_kr_summa_godovykh_postup (дата обращения 30.07.2015)
- 6 Соглашение между Республикой Казахстан, Республикой Кыргызстан, Республикой Узбекистан, Республикой Таджикистан и Туркменистаном «О сотрудничестве в сфере совместного управления использованием и охраной водных ресурсов межгосударственных источников». — Алма-Ата, 18 февраля, 1992. — [ЭР]. Режим доступа: http://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki.

7 Соглашение между Правительством Республики Казахстан, Правительством Кыргызской Республики и Правительством Республики Узбекистан об использовании водно-энергетических ресурсов бассейна реки Сырдарья.— Бишкек, 17 марта, 1998. — [ЭР]. Режим доступа: http://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki.

8 Макашова К.Н. Водная дипломатия и вопросы сотрудничества стран Центральной Азии: Сб. материалов междунар. науч.-практ. конф. «Водно-энергетические проблемы Центральной Азии и перспективы их решения». — Алматы, 2013. — С. 82.

9 Камбарата-1. Позиция соседа тормозит строительство. — [ЭР]. Режим доступа: <http://rus.azattyk.org/content/article/27052749.html> (дата обращения 02.10.2015).

10 Интегрированное управление водными ресурсами в Центральной Азии: проблемы управления большими трансграничными реками. Глобальное водное партнерство. — 2014. — 59 с. — [ЭР]. Режим доступа: www.gwp.org (дата обращения 30.07.2015). — С. 9.

Ж.М.Кенжеғали, С.Б.Кожирова, Г.Глисон

Совместное водопользование в Центрально-Азиатском регионе: проблемы и перспективы сотрудничества

В статье рассмотрены история, эволюция и проблемы совместного водопользования в Центрально-Азиатском регионе. Проанализированы соглашения государств по водным вопросам на современном этапе, использованы документы из архива Президента Республики Казахстан. По мнению авторов, разные подходы в вопросах использования водных ресурсов, построенные на национальных интересах, повышают уязвимость каждого из государств Центральной Азии. Авторы считают, что одним из ключевых факторов успеха региона является сотрудничество в области интегрированного управления и использования трансграничных рек.

J.M.Kengegali, S.B.Kozhirova, G.Gleason

The joint water management in Central Asia: Challenges and Prospects of Cooperation

This article discusses the history, evolution and problems of joint use of water in the Central Asian region. Analyzed the agreement states on water issues at the present stage. The paper used documents from the archives of the President of the Republic of Kazakhstan. According to the authoress, the different approaches in the use of water resources, built on national interests increases the vulnerability of each of the Central Asian states. The authoress believes that one of the key factors for success in the region is the cooperation in the field of integrated manipulated and use of transboundary rivers.

References

- 1 Heiden G. *Criticism of German geopolitics*, edit. E.N.Petrinin, Moscow: Foreign Literature, 1960, p. 20.
- 2 Petrov G.N. *Complex application of methods and models to improve the use of water and energy resources of transboundary rivers in Central Asia*. 25.00.27 Hydrology, water resources, hydrochemistry. Abstract of dissertation for the degree of Doctor of Technical Sciences, Moscow, 2012, p.48.
- 3 *Archive of the President of the Republic of Kazakhstan*, fond 708, list 34, document 256, p.29.
- 4 *Aral Sea basin program - 1 (ASBP) Program of concrete actions on improvement of ecological situation in the Aral Sea basin for the next 3–5 years, taking into account the socio-economic development of the region*, [ER]. Access mode: <http://ec-ifas.org/prog1.php> (date of the application 30.07.2015).
- 5 Dishon Mamatkanov, *Director of the Institute of Water Problems and Hydropower of NAS KR: Total annual revenues of Kyrgyzstan in the case of imposing a tax on the water could reach \$9 million*, [ER]. Access mode: http://kyrtag.kg/interview/duyshon_mamatkanov_direktor_instituta_vodnykh_problem_nan_kr_summa_godovykh_postup (date of the application 30.07.2015).
- 6 *Agreement between the Republic of Kazakhstan, Kyrgyz Republic, Uzbekistan, Tajikistan and Turkmenistan «Cooperation in the joint management and protection of transboundary water resources»*, Alma-Ata, 1992, February, 18.
- 7 *Agreement between the Government of the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic and the Government of the Republic of Uzbekistan on the use of water and energy resources of the Syrdarya River basin*, Bishkek, 1998, March, 17.
- 8 *Kambarata-1. Position neighbor slows construction*, [ER]. Access mode: <http://rus.azattyk.org/content/article/27052749.html> (date of the application 02.10.2015), p. 82.

9 *Integrated Water Resources Management in Central Asia: the challenges of managing large transboundary rivers. Global Water Partnership*, 2014, p.59, [ER]. Access mode: www.gwp.org (date of the application 30.07.2015).

10 *Integrated Water Resources Management in Central Asia: problems of managing large Cross-Border rivers. Global Water Partnership*, 2014, p. 59, [ER]. Access mode: www.gwp.org (date of rashchenija-07.30.2015), p. 9.

Репозиторий қарғу